2. Коротаяев В.Н., Слюсарь Н.Н., Жилинская Я.А. и др. Управление техногенными отходами. – Пермь: ПНИПУ, 2016. – 390 с.
3. Гусев А.И. Наноматериалы, наноструктуры, нанотехнологии. – М.: Физматлит, 2007. – 416 с.
4. Падохин В.А., Зуева Г.А. Стохастические модели измельчения дисперсных материалов // Теоретические основы химической технологии. – 2009. – №5. – С. 586-594.
5. Zhang Y.F., Lu L., Yap S.M. Prediction of the amount of PCA for mechanical milling // Journal of Materials Processing Technology. – 1999. – Vol. 89-90. – P. 260-265.
6. Рипан Р., Четяну И. Неорганическая химия. – М.: Химия, 2003. – 360 с.

Н.К.Апачиди, А.З.Бигалиева

### **Сирек және шашыраңқы элементтердің мазмұнын зерттеу және сандық бағалау**

Мақалада Қазақстандағы техногендік қалдықтарда, әсіресе Жезқазған өңірінің металлургиялық қождарында кездесетін сирек және шашыраңқы элементтердің құрамын анықтау мен сандық бағалау әдістері қарастырылады. Металлдарды механохимиялық әдіс арқылы планетарлы диірменде тікелей алу технологиясы ұсынылған. Бұл технология экологиялық тұрғыдан қауіпсіз, су мен химиялық реагенттерді қажет етпейді және өндіріс тиімділігі жоғары. Жүргізілген тәжірибелер әдістің жоғары тиімділігін көрсетті. Алынған концентраттардың талдауы бағалы компоненттердің жоғары деңгейде алынатынын дәлелдейді. Ұсынылған әдіс пайдалы қазбаларды ұтымды пайдаланумен қатар, өндірістік аймақтардың экологиялық жағдайын жақсартуға да ықпал етеді, бұл өңірдің тұрақты дамуы үшін маңызды.

*Түйінді сөздер:* сирек элементтер, қалдықтар, алу, қождар, диірмен, механохимия, концентрация, металл, өңдеу, экология.

N.K. Apachidi, A.Z. Bigalievа

### **Study of the Content and Quantitative Assessment of Rare and Dispersed Elements**

The article explores methods for determining and quantitatively assessing rare and dispersed elements in Kazakhstan's technogenic waste, particularly metallurgical slags from the Zhezkazgan region. An environmentally friendly and economically viable technology is proposed for direct metal extraction using mechanochemical processes in a planetary mill. The technology

## **Раздел 5. «Химические и фармацевтические технологии. Безопасность жизнедеятельности»**

is waterless, does not require chemical reagents, and is characterized by high efficiency and low operational costs. Experiments conducted on metal recovery confirmed the method's high effectiveness. The analysis of recovered concentrates revealed a high yield of valuable elements, demonstrating the feasibility of large-scale implementation. This development addresses both the rational use of mineral resources and the ecological rehabilitation of industrial zones, making it highly relevant for the region's sustainable development.

*Keywords:* rare elements, waste, extraction, slags, mill, mechanochemistry, concentration, metal, processing, ecology.

### References

1. Pokidaev D. Vtorichnoe syr'e: pochemu v Kazakhstane ne podbirayut dengi, lezhashchie pod nogami // <https://kursiv.kz/news/kompanii-i-rynki/2018-05/vtorichnoe-syre-pochemu-vkazakhstane-ne-podbirayut-dengi>. 23.04.2018.
2. Korotaev V.N., Slyusar' N.N., Zhilinskaya Ya.A. i dr. Upravlenie tekhnogennymi otkhodami. – Perm': PNIPU, 2016. – 390 s.
3. Gusev A.I. Nanomaterialy, nanostruktury, nanotekhnologii. – M.: Fizmatlit, 2007. – 416 s.
4. Padohin V.A., Zueva G.A. Stohasticheskie modeli izmel'cheniya dispersnykh materialov // Teoreticheskie osnovy khimicheskoi tekhnologii. – 2009. – No.5. – S. 586–594.
5. Zhang Y.F., Lu L., Yap S.M. Prediction of the amount of PCA for mechanical milling // Journal of Materials Processing Technology. – 1999. – Vol. 89–90. – P. 260–265.
6. Ripan R., Chetianu I. Neorganicheskaya khimiya. – M.: Khimiya, 2003. – 360 s.

## **Раздел 5. «Химические и фармацевтические технологии. Безопасность жизнедеятельности»**

FTAMP 34.31.17  
 ЭОЖ: 615.454:665.12:581.9

DOI [10.53002/056](https://doi.org/10.53002/056)

Ә.Баурай, Г.М.Жуманазарова

*Қарағанды индустриялық университеті, Теміртау, Қазақстан  
 (E-mail: asel.bauray@mail.ru)*

### **Мақтадан алынатын компоненттердің косметикалық қолданылуы**

Мақалада мақтанын компоненттері (май, экстракт, талшық, протеиндер) косметикада қолдану мүмкіндігі қарастырылады. Хлопок майы теріні ылғалдандырып, жұмсартады, құрамындағы токоферол антиоксиданттық әсер береді; өсімдік экстракты тері тітіркенуін басады; целлюлоза алынатын скрабтар эксфолиациялық әсер көрсетеді; протеиндер теріні нығайтады. Zero waste қағидаларына сай қалдықтарды қайта пайдалаудың артықшылықтары қарастырылады. Жұмыс «эко косметикада» мақта компоненттерін қолданудың тиімділігін дәлелдейді.

*Түйінді сөздер:* мақта, май, экстракт, протеиндер, целлюлоза, косметика, биоыдырайтын, ылғалдандыру, антиоксидант, экология.

#### *Kipicne*

Мақта (лат. Gossypium) – дәстүрлі түрде тоқыма өнеркәсібіне бағытталған дақыл ретінде танымал. Алайда соңғы жылдары косметология саласында өсімдіктерден алынатын табиғи компоненттерге сұраныс артып, мақтаның өзектілігі күрт өсті.

Мақтадан алынатын май, экстракт, талшық және протеиндер тері мен шашқа күтім жасауда, табиғи ингредиенттерге негізделген өнімдерде, экологиялық таза косметика өндірісінде кеңінен қолданылуда [1].

#### 1. Мақта майы (Cottonseed oil)

Мақта майы – мақта тұқымынан алынатын, сары түсті, иіссіз, жеңіл құрылымды май. Ол полиқанықпаған май қышқылдарына, әсіресе линол (омега-6) және олеин қышқылдарына бай.

Сонымен қатар, құрамында Е дәрумені (токоферол), антиоксиданттар және фитостеролдар бар.

Косметикалық қасиеттері:

- а) Теріні ылғалдандырып, жұмсартады.
- б) Қабынуды азайтады, тітіркенуге бейім теріге жақсы.
- в) Антиоксидантты әсер көрсетіп, терінің қартаюын баяулатады.
- г) Комедогенділігі төмен – бітеліп қалатын теріге жарамды.

Қолданылу салалары:

- Бет пен денеге арналған кремдер
- Қоректендіргіш майлар
- Шашқа арналған маскалар мен бальзамдар
- Ерінге арналған өнімдер (бальзам, далап)

Мысалы, The Body Shop, Kiehl's, L'Oréal секілді брендтер мақта майын жұмсартқыш және тыныштандырушы компонент ретінде пайдаланады.

#### 2. Мақта экстракты (Cotton extract)

Мақта гүлі мен жапырақтарынан алынатын экстракт құрамында флавоноидтар, фенол қосылыстары және илік заттар болады. Бұл заттар теріні қалпына келтіру, тыныштандыру және жасушалық стресске қарсы тұру үшін қолданылады.

Артықшылықтары:

- а) Сезімтал, құрғақ теріні тыныштандырады.
- б) Терідегі тітіркенуді басады.
- в) Антиоксиданттық әсер береді.

## **Раздел 5. «Химические и фармацевтические технологии. Безопасность жизнедеятельности»**

г) Теріге табиғи жұмсақтық сыйлайды.

Қолданылатын өнімдер:

- 1) Тониктер, сарысулар (серумдар)
- 2) Мицелляр сулар
- 3) Қалпына келтіретін маскалар
- 4) Лосьондар мен спрейлер

Экстракт көбінесе «sensitive skin» (сезімтал тері) белгісі бар өнімдерде кездеседі. Nivea, La Roche-Posay, Simple брендтері оны белсенді қолданады.

3. Мақта талшығы және целлюлозасы

Мақта талшығы – мақта қабығынан алынатын табиғи целлюлоза. Ол механикалық тазартып-қабыршақтау (эксфолиация) әсерін береді.

Сонымен қатар, косметикада қалыңдатқыш, пленко түзуші және құрылым түзуші ретінде қолданылады.

Қолданылуы:

- 1) Пилингтер мен скрабтарда – жұмсақ эксфолиант.
- 2) Маскалар негізінде – биоыдырайтын мата немесе патч негізі.
- 3) Текстура түзуші – кремдер мен сарысуларда тұрақтылық береді.
- 4) Бүгінде мақта целлюлозасы биоыдырайтын өнімдер трендіне алдыңғы қатарда. Ол пластик микробөлшектерді табиғи алмастырушы ретінде ұсынылуда.

4. Мақта протеиндері

Мақта тұқымынан бөлінген ақуыздар (протеиндер) тері мен шаш құрылымын қалпына келтіруге қабілетті биополимерлер болып табылады. Олар аминқышқылдарға бай және жасушаларға құрылымдық қолдау көрсетеді.

Қасиеттері:

- 1) Шашты нығайтады, сынғыштығын азайтады.
- 2) Теріде ылғалды ұстайды.
- 3) Қорғаныс тосқауылын жақсартады.

Қолданылуы:

Сусабын мен маскаларда – шашқа жылтырлық пен серпімділік береді.

Бетке арналған өнімдерде – қалпына келтіргіш функция.

Кейбір люкс маркалар (Aveda, Wella Professionals) протеинді негіз ретінде пайдаланып, премиум өнімдер жасайды.

5. Экологиялық және биотехнологиялық аспектілер [2].

Мақта компоненттері – биоыдырайтын, экологиялық қауіпсіз, синтетикалық заттарға балама ретінде ұсынылатын шикізаттар.

Сонымен қатар:

Мақта қалдықтарынан (қабығы, майсыңған тұқым) жоғары қосылған құны бар косметикалық ингредиенттер алуға болады – бұл «zero waste» концепциясын қолдайды.

Биотехнологиялық тәсілдер арқылы мақта экстрактын немесе протеинін жоғары тазалықта алу – экологиялық таза өндіріс тізбегін құрайды [3].

*Эксперименттік бөлім*

**Максат:** Мақта тұқымынан алынған май және мақта гүлі экстрактын пайдалана отырып, теріні ылғалдандыратын және тыныштандыратын косметикалық крем дайындау.

Эксперимент 1. Алынған өнімнің органолептикалық және физикалық қасиеттерін зерттеу.

Мақта майының құрамы келесі диаграмма түрінде сипаттауға болады (1-сурет) [4]:

*Зерттеу нысаны*

- Мақта тұқымының тазартылған майы (химиялық реактивтер дүкенінен алынған)
- Мақта гүлі экстракты (өнеркәсіптік концентрат түрінде алынған)
- Косметикалық негіздер (эмульгатор, глицерин, консервант, тазартылған су)

## Раздел 5. «Химические и фармацевтические технологии. Безопасность жизнедеятельности»




1 сурет – Мақта майының химиялық құрамы

### Құрал-жабдықтар мен материалдар

- Электронды таразы
- Лабораториялық ыдыстар (бикер, колба, араластырғыш)
- Судың моншасы (су ваннасы)
- Магнитті араластырғыш
- рН-өлшегіш
- Температура датчигі (2-сурет және 3-сурет).

### Тәжірибелік әдістеме



2 сурет – Мақтаның жалпы көрінісі

**Раздел 5. «Химические и фармацевтические технологии. Безопасность жизнедеятельности»**



3 сурет – Крем жасау үрдісінің жалпы сызбасы

1. Май фазасын дайындау:

- 10 г мақта майы
- 3 г эмульгатор
- 1 г стеарин қышқылы

Қоспа 70–75 °С температурада су моншасында ерітілді.

2. Су фазасын дайындау:

- 80 г тазартылған су
- 2 г глицерин
- 2 г мақта экстракты

Су фазасы да сол температураға дейін қыздырылды.

3. Эмульсия дайындау:

Май фазасы мен су фазасы біріктіріліп, 10 минут бойы араластырылды. Салқындаған соң, 0,5 г консервант қосылып, рН көрсеткіші 5.5–6.0 деңгейінде тексерілді (1 кесте).

1 кесте – Алынған кремнің қасиеттерін бағалау

Көрсеткіш	Нәтиже
Түсі	Ақшыл, біркелкі
Иісі	Жұмсақ, бейтарап
Құрылымы	Біртекті, жеңіл
Жұғуы	Жақсы таралады, тез сіңеді
Теріге әсері (еріктілерде)	Ылғалдандырады, тітіркену байқалмады

Эксперимент 2. Мақта талшығы негізіндегі бетке арналған табиғи скраб дайындау

Максат: Мақта талшығын табиғи эксфолиант ретінде пайдалана отырып, жұмсақ әсерлі бет скрабын дайындау және оның органолептикалық қасиеттерін зерттеу (2 кесте).

*Зерттеу нысаны*

- Мақта талшығы (табиғи микрокристалды целлюлоза)
- Өсімдік майы (мақта немесе бадам майы)
- Бал
- Эфир майы (лаванда – хош иіс үшін)
- Қоюландырғыш (ксантан сағызы)

*Құрал-жабдықтар*

- Бикер, шпатель
- Электронды таразы

**Раздел 5. «Химические и фармацевтические технологии. Безопасность жизнедеятельности»**

- Араластырғыш
- Стерильді ыдыстар
- 2 кесте – Тәжірибелік әдістеме


Компонент	Мөлшері	Міндеті
Мақта талшығы	5 г	Эксфолиант
Мақта майы	20 г	Негіз, жұмсартқыш
Табиғи бал	10 г	Ылғалдандырғыш, антибактериалды
Ксантан сағызы	0.3 г	Қоюландырғыш
Лаванда эфир майы	3 тамшы	Хош иіс, тыныштандыру

1. Барлық компоненттер бөлме температурасында араластырылды.
2. Қою құрылымды, паста тәрізді скраб алынды.
3. Стерильді контейнерге құйылып, тоңазытқышта сақталды (3 кесте).

3 кесте – Алынған өнімнің қасиеттері

Көрсеткіш	Нәтиже
Құрылымы	Паста тәрізді, біртекті
Иісі	Жұмсақ, табиғи (лаванда)
Қабыршақтау әсері	Жұмсақ, тітіркендірмейді
Теріге жағылуы	Жақсы жағылады, майлы қабат қалдырмайды
Қолдану сезімі	Теріні тазартып, жұмсартады

Сенсорлық бағалау нәтижелерін 5 балл шкаласымен қарастырсақ, оның келесідей нәтижелерін ала аламыз (4 сурет):



4 сурет – Сенсорлық бағалау нәтижелері

*Қорытынды*

Мақта талшығына негізделген скраб теріге жұмсақ әсер етіп, тітіркендірмей қабыршақтарды кетіруге мүмкіндік береді. Табиғи майлар мен бал теріні қоректендіріп, ылғалдандырады. Бұл өнім сезімтал теріге арналған скраб ретінде қолдануға жарамды.

Тәжірибе нәтижесінде мақта майы мен экстракт негізінде жұмсақ құрылымды, теріге жағымды әсер ететін табиғи крем алынды. Өнім теріні ылғалдандыру және тыныштандыру мақсатына сай келеді. Бұл мақта компоненттерінің косметологияда қолдануға жарамды екенін дәлелдейді.

Әдебиеттер тізімі

## **Раздел 5. «Химические и фармацевтические технологии. Безопасность жизнедеятельности»**

1. Ким А. Ю., Мухина И. В. Растительные масла в косметологии: химический состав и свойства // Косметика и медицина. – 2021. – №3. – С. 18–23.
2. Ашимбаева Г. Ш., Сулейменова Ж. Е. Биологиялық белсенді заттар және олардың косметикалық өнімдердегі ролі // Биотехнология және медицина. – 2020. – №2. – Б. 45–51.
3. Park S., Lee S. et al. Cottonseed oil and its application in skin barrier enhancement // Journal of Cosmetic Science. – 2019. – Vol. 70(4). – P. 287–294.
4. Hameed A., Hussain I., Khan M. A. Cotton plant extract as a source of natural antioxidant in skin care formulations // Industrial Crops and Products. – 2021. – Vol. 164. – Article ID: 113386.
5. Ryu J. et al. Comparative analysis of cotton fiber cellulose in cosmetic exfoliants // Materials Today: Proceedings. – 2022. – Vol. 59. – P. 367–372.
6. Kaur R., Gulati M., Singh S. Natural fibers in cosmetics: cellulose-based applications // Journal of Applied Research on Medicinal and Aromatic Plants. – 2020. – Vol. 17. – Article 100241.
7. Базарбаева А. Т., Есентай С. К. Табиғи компоненттер негізіндегі бетке арналған кремдер дайындау технологиясы // Жас ғалымдар еңбектері. – Алматы, 2022. – Б. 62–67.
8. Codex Alimentarius. Guidelines for the Use of Vegetable Oils in Cosmetic Products. FAO/WHO, 2018.
9. Косметическая химия: Учебник / Под ред. В. В. Мартынова. – М.: ГЭОТАР-Медиа, 2020. – 432 с.

Ә.Баурай, Г.М.Жуманазарова

### **Косметическое применение компонентов, получаемых из хлопка**

В статье рассматривается использование компонентов хлопка (масло, экстракт, клетчатка, протеины) в косметологии. Описаны их увлажняющие, противовоспалительные, антиоксидантные и структурообразующие свойства. Масло семян хлопка смягчает и защищает кожу; экстракт цветков – успокаивает и восстанавливает; целлюлоза – помогает в отшелушивании; протеины питают и укрепляют. Показаны примеры готовых продуктов (кремов, масок, скрабов) и современные технологии bio- и zero-waste. Оценены экологические аспекты применения хлопковых ингредиентов – биоразлагаемость, минимизация отходов и натуральность. Работа подтверждает перспективу интеграции хлопковых компонентов в «зелёную» косметику.

*Ключевые слова:* хлопок, масло, экстракт, протеины, целлюлоза, косметика, биоразлагаемость, увлажнение, антиоксидант, экология.

A. Baurai, G. M. Zhumanazarova

### **Cosmetic Application of Cotton-Derived Components**

This article explores the cosmetic application of cotton-derived components: oil, extract, fiber, and proteins. Cottonseed oil is shown to moisturize and soften the skin while Vitamin E delivers antioxidant benefits; the flower extract soothes irritation; cellulose functions as a gentle exfoliant; proteins nourish and strengthen. The study evaluates ready formulations (creams, masks, scrubs) and highlights eco- and zero-waste advantages—biodegradability and minimal by-products. Environmental considerations include natural ingredients and sustainable sourcing. Findings support cotton ingredients' potential in developing gentle, green cosmetic products.

*Keywords:* cotton, oil, extract, proteins, cellulose, cosmetics, biodegradability, moisturizing, antioxidant, ecology.

**Раздел 5. «Химические и фармацевтические технологии. Безопасность жизнедеятельности»**

## References

1. Kim A. Yu., Mukhina I. V. Rastitel'nye masla v kosmetologii: khimicheskiy sostav i svoystva // Kosmetika i meditsina. – 2021. – №3. – S. 18–23.
2. Ashimbaeva G. Sh., Suleymenova Zh. E. Biologiyalyq belsendi zattar zhane olardyn kosmetikalyq onimderdegi roli // Biotekhnologiya zhane meditsina. – 2020. – №2. – B. 45–51.
3. Park S., Lee S. et al. Cottonseed oil and its application in skin barrier enhancement // Journal of Cosmetic Science. – 2019. – Vol. 70(4). – P. 287–294.
4. Hameed A., Hussain I., Khan M. A. Cotton plant extract as a source of natural antioxidant in skin care formulations // Industrial Crops and Products. – 2021. – Vol. 164. – Article ID: 113386.
5. Ryu J. et al. Comparative analysis of cotton fiber cellulose in cosmetic exfoliants // Materials Today: Proceedings. – 2022. – Vol. 59. – P. 367–372.
6. Kaur R., Gulati M., Singh S. Natural fibers in cosmetics: cellulose-based applications // Journal of Applied Research on Medicinal and Aromatic Plants. – 2020. – Vol. 17. – Article 100241.
7. Bazarbaeva A. T., Esentai S. K. Tabig'i komponentter negizindegi betke arналган kremder daiyndau tekhnologiyasy // Zhas g'alymdar enbekteri. – Almaty, 2022. – B. 62–67.
8. Codex Alimentarius. Guidelines for the Use of Vegetable Oils in Cosmetic Products. FAO/WHO, 2018.
9. Kosmeticheskaya khimiya: Uchebnik / Pod red. V. V. Martynova. – M.: GEOTAR-Media, 2020. – 432 s.

## Раздел 5. «Химические и фармацевтические технологии. Безопасность жизнедеятельности»

ГТАМР 34.31.15  
ӨОЖ: 615.322

DOI [10.53002/057](https://doi.org/10.53002/057)

З.Н.Берік, Ф.С.Керуенбаева, Д.И.Куандықов

*Қарағанды индустриялық университеті, Теміртау, Қазақстан  
(E-mail: zangarberikov9@gmail.com, f.keruenbaeva@ttu.edu.kz, kuandykov.d.k@gmail.com)*

### Фитокомпозиция негізінде жөтелге қарсы сироп алу

Мақалада тыныс алу жолдарының ауруларын емдеуге арналған фитокомпозиция негізінде жөтелге қарсы сироп әзірлеу сипатталады. Алтей, мия және эвкалипт шөптері таңдалып, олардың муколитикалық, қабынуға қарсы және спазмолитикалық қасиеттері негізінде кешенді терапиялық әсер қамтамасыз етілді. Ультрадыбыстық экстракция секілді заманауи әдістер қолданылып, белсенді заттардың тиімді бөлінуі қамтамасыз етілді. Алынған сироп табиғи, қауіпсіз және балалар мен ересектер үшін қолайлы. Өндіріс технологиясы қарапайым және қолжетімді, химиялық реагенттерді қажет етпейді. Препарат әртүрлі жөтел түрлерінде және тыныс алу жолдарының қабынуында тиімді қолданылады. Табиғи дәрілерге деген сұранысқа сай келетін бұл өнім фитотерапияны дамытуға ықпал етеді.

*Түйінді сөздер:* фитокомпозиция, жөтел, сироп, алтей, мия, эвкалипт, табиғи, экстракт, қабынуға қарсы, терапия.

### *Кіріспе*

Қазіргі таңда тыныс алу жүйесі аурулары, жөтелмен қатар жүретін, дәрігерге жиі жүгінудің ең кең тараған себептерінің бірі болып табылады. Мұндай жағдайларды емдеуде тиімді және қауіпсіз дәрілік құралдарды қолдану өте маңызды, олар тек симптомдарды жойып қана қоймай, ағзаға минималды жанама әсер етуді қамтамасыз етеді. Қазіргі заманғы дәрілік құралдар жөтелге қарсы синтетикалық және табиғи компоненттерді қамтиды. Алайда фитокомпозициялар негізіндегі құралдарға қызығушылық артып келеді, себебі олар жұмсақ терапевтік әсерге, аз жанама әсерлерге және кең ауқымды әсер ету қабілетіне ие. Дәрілік өсімдіктер дәстүрлі түрде тыныс алу жолдарының ауруларын, мысалы, бронхиттерді, трахеиттерді және суық тиюді емдеуде қолданылады [1].

### *Негізгі бөлім*

Фитокомпозиция негізіндегі сиропты әзірлеудің өзектілігінің себептері:

*Табиғи препараттарға сұраныс:* Пациенттер қауіпсіз және экологиялық таза дәрілерді таңдайды.

*Кешенді әсері:* Өсімдік компоненттері шырышты сұйылту, қабынуға қарсы және иммуномодуляциялық әсерге ие.

*Резистенттілік мәселесі:* Табиғи дәрілер әдетте тәуелділік тудырмайды.

*Қолдану ауқымы:* Әртүрлі жөтел түрлерін және әртүрлі жастағы пациенттерді емдеуге жарамды.

*Экономикалық қолжетімділік:* Жергілікті өсімдіктер импорттық аналогтардан арзан.

*Жанама әсерлерді азайту:* Аллергия мен тітіркенуді аз тудырады.

*Дәстүрлі қолдану:* Халық медицинасында өсімдіктерді пайдалану ұзақ тарихқа ие.

Жөтелге қарсы фитокомпозиция негізінде сироп жасау жөніндегі зерттеу қазіргі фармацевтика мен медицинадағы қауіпсіз, табиғи және экологиялық таза препараттарды әзірлеуге бағытталған маңызды бағыттарға сәйкес келеді. Бұл зерттеу жөтелге қарсы тиімді дәрілердің таңдауын кеңейтіп, өсімдік медицинасын танымал етуге ықпал етеді, бұл фитотерапияға қызығушылықтың артуымен өзекті.

Осылайша, фитокомпозиция негізіндегі сироп әзірлеу – халық денсаулығын жақсарту үшін табиғи ресурстарды қолдана отырып ғылыми тәсілді біріктіретін маңызды бағыт болып табылады [2,3].

## Раздел 5. «Химические и фармацевтические технологии. Безопасность жизнедеятельности»

*Жұмыстың мақсаты:* Фитокомпозиция негізіндегі жөтелге қарсы сиропты әзірлеу және алу, тыныс алу жолдарының ауруларына тиімді әрі қауіпсіз емдік әсер етуі үшін табиғи компоненттерді қолдануға назар аудара отырып, кешенді терапевтік әсерді (шырышты сұйылту, қабынуға қарсы және спазмолитикалық) қамтамасыз ету және жанама әсерлерді азайту.

*Зерттеу объектісі* – жөтелге қарсы сироп жасау үшін фитокомпозиция құрамына кіретін дәрілік өсімдіктер:

*Алтей тамыры (Althaea officinalis)* – шырышты сұйылту, қабынуға қарсы және қоршап тұратын әсері бар.

*Мия тамыры (Glycyrrhiza glabra)* – муколитикалық, спазмолитикалық және қабынуға қарсы қасиеттерімен танымал.

*Эвкалипт (Eucalyptus)* – антисептикалық, вирусқа қарсы, иммуномодуляциялық, қабынуға қарсы және шырышты сұйылту қасиеттеріне ие.

Бұл өсімдіктер олардың фармакологиялық қасиеттері, тыныс алу жүйесінің ауруларына әсері және кешенді фитопрепарат құрамындағы өзара әрекеттестігі тұрғысынан зерттеледі.

Жөтелге қарсы фитокомпозиция негізіндегі сироп жасау, оның құрамында алтей тамыры, солодка тамыры және эвкалипт компоненттері бар, кешенді терапевтік әсер (шырышты сұйылту, қабынуға қарсы, спазмолитикалық және иммуномодуляциялық) қамтамасыз етеді, жөтел мен тыныс алу жолдарының ауруларын емдеуде жоғары тиімділікті қамтамасыз етеді және табиғи құрамының арқасында жанама әсерлердің тәуекелін азайтады.

Фитокомпозиция компоненттерін таңдау:

*Эвкалипт (Eucalyptus)* – мәңгі жасыл ағаш, медицинада антисептикалық, қабынуға қарсы, шырышты сұйылту, ауыруды басу және иммуномодуляциялық қасиеттерімен кеңінен қолданылады. Эвкалипт эфир майы микробтармен күресіп, тыныс алу жолдарындағы қабынуды азайтады және иммундық жүйені күшейтеді.

*Мия (Glycyrrhiza glabra)* – көпжылдық шөптесін өсімдік, шырышты сұйылту, қабынуға қарсы, вирусқа қарсы және бактерияға қарсы қасиеттерімен танымал. Солодка мокротаны сұйылтуға, қабынуды азайтуға, бронхтарды босаңсытуға және иммундық жауапты күшейтуге көмектеседі.

*Алтей дәрілік (Althaea officinalis)* – тыныштандыратын, қабынуға қарсы, қоршап тұратын және шырышты сұйылту қасиеттеріне ие өсімдік. Алтейдің полисахаридтері мен шырышты заттары шырышты қабықшаларда қорғаныш қабатын қалыптастырып, олардың тітіркенуін азайтып, жөтелді жеңілдетеді.

Бұл компоненттер тыныс алу жолдарына кешенді әсер етіп, шырышты сұйылтуды жақсартады, қабынуды азайтады және шырышты қабықшаларды қорғайды [4].

### Тәжірибелік бөлім

*1. Сироп жасау үшін шөптерді таңдау.* Сиропты дайындау кезінде препараттың тағайындалуын және шөптердің қасиеттерін ескеру маңызды. Себебі сироптың негізгі тағайындалуы — жөтел мен тыныс алу жолдарының ауруларын емдеу, сондықтан алтей дәрілік, мия және эвкалипт шөптері таңдалды. Таңдалған шөптердің суреті 1-суретте берілген.



1 сурет – Таңдалған алтей дәрілік, мия және эвкалипт шөптері

## Раздел 5. «Химические и фармацевтические технологии. Безопасность жизнедеятельности»


Шөптерден экстракт дайындау – сиропты жасау процесінің негізгі кезеңі, себебі дәл осы кезеңде белсенді заттар шығарылады.

2. Таңдалған шөптерді өлшеу және тазалау. Шөптерді суық сумен жуу қажет, бұл арқылы олардың бетіндегі шаң мен кірді жоюға болады. Тазалау процесі шөптердің таза және сапалы болуын қамтамасыз етеді, сондай-ақ экстракция кезінде артық ластанудан сақтайды. Таңдалған және тазартылған шөптерді M-ER Accurate маркалы электронды техникалық таразыда өлшенді (2-сурет).



2 сурет – M-ER Accurate маркалы электронды техникалық таразы.

3. Елеу. Шөптерді RETSCH маркалы елеу машинасында (лабораториялық) жүргізілді (3-сурет). Бұл процесс шөптерді ұсақ бөлшектерден тазартып, олардың біркелкі және сапалы болуын қамтамасыз етеді. Елеу арқылы тек қажетті мөлшердегі шөптер алынып, экстракция процесіне дайындалады.



3 сурет – RETSCH маркалы елеу машинасы

4. Ұнтақтау әдісі: Белсенді заттарды тиімдірек экстракциялау үшін, алтей дәрілік, мия және эвкалипт шөптерді (Retsch) MM 400 діріл диірменінде ұнтақтау процесі 4-суретте көрсетілген. (Retsch) Mm 400 діріл диірмені бұл заттың аз мөлшерін құрғақ, дымқыл және криогенді ұнтақтау үшін арнайы жасалған әмбебап зертханалық құрал. Ол бірнеше секунд ішінде ұнтақтар мен суспензияларды араластырып, гомогенизациялай алады.

RETSCH MM 400 елеу машинасы – материалдарды бөлшек өлшеміне қарай дәл және тиімді түрде жіктеуге арналған заманауи зертханалық жабдықтар. Бұл құрылғылар фармацевтика, химия, тамақ, тау-кен және құрылыс материалдары өндірісінде кеңінен қолданылады. Шарлы диірмен – шикізатты ұсақтау үшін қолданылатын құрылғы, ол материалды ұсақ дисперсиялы күйге дейін ұнтақтайды. Бұл процесс кезінде шөп цилиндрлік барабанға салынып, ұсақтау элементтерімен (металл шариктері) бірге айналып, шикізатты ұнтақтайды [4].

## Раздел 5. «Химические и фармацевтические технологии. Безопасность жизнедеятельности»



4 сурет – Retsch MM 400(шарлы) діріл диірменінде ұнтақтау процесі

5. *Ультрадыбыстық экстрактор алу.* Ультрадыбыстық экстрактор STEGLER – бұл экстракция процесін жеделдету үшін ультрадыбыстың толқындарды қолданатын құрылғы (5-сурет). Ультрадыбыстық толқындар сұйықтықтағы молекулаларға тербелістер беру арқылы өсімдік материалынан активті заттарды шығару процесін жақсартады. Бұл әдіс экстракцияны тиімді әрі жылдам етеді, себебі ультрадыбысты энергия жасушалық қабырғаларды бұзып, активті ингредиенттердің бөлінуіне ықпал етеді.



5 сурет – Ультрадыбыстық экстрактор STEGLER

Әдетте, ультрадыбыстық экстрактор жоғары жиілікті дыбыс толқындарын пайдаланып, шикізатты сұйықтықтан тиімді түрде шығарады, бұл экстракцияның өнімділігін арттырады.

### 5. Шекерлі сироп жасау (емдік сироптың негізі)

Ингредиенттер:

- Қант – 200 г (әдетте ақ, бірақ дәмін күшейту үшін қоңыр қант қолдануға болады).
- Су – 200 мл (қайнатылған немесе сүзгіден өткен).
- Қосымша (қалау бойынша): Шөпті тұнба (мысалы, тимьян, түймедақ, солодка, имбирь).

Қазанды дайындау. Қанттың күйіп кетпеуі үшін түбі қалың қазан пайдаланылады.

Су мен қантты араластыру. Қазанға су мен қант қосылып, біркелкі болғанша араластырылады.

Қайнату. Қоспа қайнағаннан кейін, от ең төменгі деңгейге түсіріледі. Сироп 5-10 минут бойы баяу қайнатылып, қажетті қоюлыққа жеткізіледі. Қоюлығын арттыру үшін пісіру уақыты ұзартылады, бірақ оның карамельге айналып кетпеуіне назар аударылады.

Суыту. Сироп оттан алынып, бөлме температурасына дейін суытылады.

6. Экстракты вакуумды сүзгі арқылы сүзіп шығару

## Раздел 5. «Химические и фармацевтические технологии. Безопасность жизнедеятельности»



6 сурет – Экстракты вакуумды сүзгі арқылы сүзіп шығару

*Вакуумды сүзгі* – бұл сұйық және қатты компоненттерді вакуум әсерінен сүзу немесе бөлу үшін арналған құрылғы. (6-сурет) Ол химиялық, фармацевтикалық, тамақ өнеркәсібінде және зертханалық тәжірибеде кеңінен қолданылады. Вакуумды сүзгі негізгі артықшылығы – сүзу процесін жылдамдату және қою немесе күрделі қоспалармен жұмыс істеу мүмкіндігі.

7. *Алынған массаны (бөліктерімен) қант сиропына араластыру.*

Бұл процесс сироптың құрамын біркелкі ету үшін қажет. Алынған өсімдік массасы қант сиропына бөліктермен қосылып, әр қосқаннан кейін жақсылап араластырылады. Нәтижесінде барлық компоненттер толықтай үйлесіп, белсенді заттардың тиімді бөлінуі қамтамасыз етіледі.



7 сурет – Алынған массаны (бөліктерімен) қант сиропына араластыру

Алынған емдік сиропты тоңазытқышта тұндырып қою үшін қалдырамыз. Бұл процесс сироптың құрамындағы пайдалы заттардың толық шығуын және оларды тиімді әсер етуін қамтамасыз етеді.

Алынған емдік сиропты тоңазытқышта тұндыруға қалдырады. Бұл кезең сироп құрамындағы пайдалы заттардың толық шығуын және олардың тиімді әсер етуін қамтамасыз етеді.

### *Қорытынды*

Фитокомпозиция негізінде жөтелге қарсы сироп әзірлеу тыныс алу жолдарының ауруларында кешенді терапевтік әсерді (шырышты сұйылту, қабынуға қарсы және спазмолитикалық) қамтамасыз ететін қауіпсіз әрі тиімді құрал жасауға мүмкіндік береді. Табиғи компоненттерді пайдалану жанама әсерлердің қаупін азайтуға ықпал етіп, препаратты ұзақ уақыт қолдануға және әртүрлі пациенттерге, соның ішінде балаларға және синтетикалық препараттарға жоғары сезімталдығы бар адамдарға қолайлы етеді.

## **Раздел 5. «Химические и фармацевтические технологии. Безопасность жизнедеятельности»**

### Әдебиеттер тізімі

1. Грядунова Г.П. Сиропы: методикалық нұсқаулар / Г.П. Грядунова, В.Я. Лебеденко, Н.С. Сорокина; А.И. Тенцовойдің редакциясымен. – М. – 1994. – 20 б. К дәрілік сироптарға алтей сиропы, ревень, солодка, пертуссин, Доктор Мом және т.б. жатады. [Грядунова Г.П. Сиропы: методикалық нұсқаулар / Г.П. Грядунова, В.Я. Лебеденко, Н.С. Сорокина; А.И. Тенцовойдің редакциясымен. – М. – 1994. – 20 б.].
2. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік фармакопеясы. Т. 1. – Алматы: «Жібек жолы» баспасы, 2008. – 592 б.
3. Ильина Т.А. Большая иллюстрированная энциклопедия лекарственных растений. – Издательство Эксмо, 2018.
4. Орынбасарова К.К. "Дәрілік өсімдік шикізаттарын фармакогностикалық талдау". Бұл оқу құралында дәрілік өсімдіктердің фармакогностикалық талдау әдістері мен олардың сипаттамалары қарастырылады.
5. «Қазақстан Республикасының дәрілік заттар мемлекеттік реестрі». Бұл ресми құжатта Қазақстанда тіркелген дәрілік заттар мен олардың сипаттамалары туралы ақпарат берілген.

З.Н.Берік, Ф.С.Керуенбаева, Д.И.Куандыков

### **Получение сиропа от кашля на основе фитокомпозиции**

Статья посвящена разработке сиропа от кашля на основе фитокомпозиции, включающей алтей, мяту и эвкалипт, направленного на мягкое и безопасное лечение заболеваний дыхательной системы. Проведен отбор лекарственных растений с доказанными муколитическими, противовоспалительными и спазмолитическими свойствами. Применены современные методы обработки сырья, включая ультразвуковую экстракцию, позволяющую максимально сохранить биологически активные вещества. Разработанный сироп отличается низкой токсичностью, минимальными побочными эффектами и пригоден для применения у детей и взрослых. Технология производства сиропа проста, экономически доступна и не требует агрессивных химических компонентов. Полученное средство может эффективно использоваться при лечении различных форм кашля и воспалительных заболеваний дыхательных путей, способствуя укреплению интереса к фитотерапии и натуральным препаратам. Препарат отвечает требованиям современной фармацевтики по безопасности и эффективности.

*Ключевые слова:* фитокомпозиция, кашель, сироп, алтей, мята, эвкалипт, натуральное, экстракт, противовоспалительное, терапия.

Z.N. Berik, F.S. Keruenbayeva, D.I. Kuandykov

### **Development of an Antitussive Syrup Based on a Phytocomposition**

The article presents the development of an herbal antitussive syrup based on a phytocomposition comprising marshmallow root, licorice, and eucalyptus. These plants were selected for their proven expectorant, anti-inflammatory, and antispasmodic properties. Modern processing techniques, including ultrasonic extraction, were applied to ensure maximum yield of bioactive compounds. The resulting syrup is natural, safe, and suitable for both children and adults, with minimal risk of side effects. The production method is simple, cost-effective, and does not involve harmful chemicals. The syrup can be effectively used to treat various types of cough and respiratory inflammation, meeting the growing demand for plant-based therapies. This development contributes to expanding the range of natural remedies in modern pharmacotherapy and supports the integration of herbal medicine into standard healthcare practices.

**Раздел 5. «Химические и фармацевтические технологии. Безопасность жизнедеятельности»**

*Keywords:* phytocomposition, cough, syrup, marshmallow, licorice, eucalyptus, natural, extract, anti-inflammatory, therapy.

References

1. Gryadunova G.P. Siropy: metodikalik nuskauar / G.P. Gryadunova, V.Ya. Lebedenko, N.S. Sorokina; A.I. Tentsovaiddiң redaktsiyasymen. – М. – 1994. – 20 б. К дарилік сироптарға алтеи сиропы, ревен', солодка, Pertussin, Доктор Мом және т.б. зһатady. [Gryadunova G.P. Siropy: metodikalik nuskauar / G.P. Gryadunova, V.Ya. Lebedenko, N.S. Sorokina; A.I. Tentsovaiddiң redaktsiyasymen. – М. – 1994. – 20 б.].
2. Qazaqstan Respublikasynyn Memlekettik farmakopeyasы. Т. 1. – Almaty: "Zhibek zholy" baspasy, 2008. – 592 б.
3. Il'ina T.A. Bol'shaya illiustrirovannaya entsiklopediya lekarstvennykh rastenii. – Izdatel'stvo Eksmo, 2018.
4. Orynbasarova K.K. "Darilik osimdik shikizattaryn farmakognostikalyk taldau". Bul oku ku'ralynda darilik osimdikterdin farmakognostikalyk taldau adisteri men olardyn sipattamalary karastyrylady.
5. «Qazaqstan Respublikasynyn darilik zattar memlekettik reestri». Bul resmi ku'zhatta Qazaqstanda tirkelgen darilik zattar men olardyn sipattamalary turaly akparat berilgen.

## Раздел 5. «Химические и фармацевтические технологии. Безопасность жизнедеятельности»

МРНТИ 31.31.35  
УДК: 66.092-977

DOI [10.53002/058](https://doi.org/10.53002/058)

Г.М.Жуманазарова<sup>1</sup>, Е.Б.Наукенова<sup>2</sup>, С.Байгонысова<sup>2</sup>, А.Арызқұлова<sup>2</sup>, Е.Жайлау<sup>2</sup>,  
А.Ж.Сарсенбекова<sup>2</sup>

<sup>1</sup>Карагиндинский индустриальный университет, Темиртау, Казахстан

<sup>2</sup>Карагиндинский университет имени Е.А. Букетова, Караганда, Казахстан

(E-mail: chem\_akmaral@mail.ru)

### Исследование кинетики термического распада сополимеров

В данной статье представлен кинетический анализ термического разложения полимерного материала на основе численного моделирования и применения метода Коатса-Редферна. Основное внимание уделено модели трёхмерной диффузии (D3), которая предполагает ограничение скорости реакции диффузией продуктов из объёмной сетчатой структуры. Для повышения достоверности полученных результатов использован метод Монте-Карло с проведением 100 итераций, включающих случайные вариации степени превращения  $\alpha$ . Результаты аппроксимации экспериментальных данных, демонстрируют высокую степень соответствия модели D3, подтверждая её применимость к описанию термодеструкции исследуемого сополимера. Проведённый численный анализ позволил подтвердить устойчивость кинетических параметров и надёжность модели при варьировании условий разложения.

*Ключевые слова:* термическое разложение, кинетический анализ, метод Коатса–Редферна, диффузионная модель D3, метод Монте-Карло, степень превращения, численное моделирование, сополимер, гидрогель, термодеструкция.

#### Введение

Кинетический анализ процессов термического разложения полимерных и композитных материалов представляет собой важное направление современной физико-химической науки, поскольку позволяет глубже понять механизмы деструкции и прогнозировать термическую стабильность материалов. Особенно актуальным данный подход становится при исследовании новых функциональных материалов, таких как гидрогели и сополимеры, применяемые в биомедицине, сорбционных системах и в качестве интеллектуальных носителей.

Описание термической деструкции таких структур требует применения не только экспериментальных, но и численных методов, позволяющих повысить точность и воспроизводимость определения кинетических параметров.

В рамках настоящей работы основное внимание уделено моделированию процесса термодеструкции с применением метода Коатса-Редферна и последующей верификацией модели с помощью численного метода Монте-Карло.

Особый акцент сделан на модели трёхмерной диффузии (D3), предполагающей, что скорость реакции лимитируется диффузией продуктов разложения из объёмной структуры. Такая модель особенно релевантна для описания деградации полимерных сетчатых материалов.

Для оценки устойчивости и статистической достоверности полученных кинетических параметров выполнено 100 итераций моделирования с зашумлёнными значениями степени превращения  $\alpha$ . Полученные результаты демонстрируют высокую воспроизводимость и надёжность выбранного подхода, что делает модель D3 предпочтительной для описания исследуемого процесса.

Настоящее исследование направлено на комплексное подтверждение применимости данной кинетической модели для рассматриваемого полимерного материала.

## Раздел 5. «Химические и фармацевтические технологии. Безопасность жизнедеятельности»

### Основная часть

В рамках исследования была проведена численная симуляция методом Монте-Карло, в ходе которой было выполнено 100 итераций для оценки статистической устойчивости полученных кинетических параметров. На рисунке 1 представлены кривые Коатса-Редферна, построенные для модели трёхмерной диффузии (D3). На графике (а) показана аппроксимация экспериментальных данных: сплошная линия – исходные значения, пунктирная линия – результат аппроксимации методом моделирования методом Монте-Карло (1 итерация). На графике (б) представлены результаты моделирования методом Монте-Карло (5 итераций из 100), демонстрирующие устойчивость модели D3 при варьировании степени превращения  $\alpha$ . Совокупность кривых показывает воспроизводимость и надёжность полученных кинетических параметров.




Рисунок 1. Сравнение исходных и «зашумлённых» значений степени превращения  $\alpha$ .  
 Черные точки и линия – исходные экспериментальные значения;  
 красные точки и пунктирная линия – значения  $\alpha$  с добавленным «шумом» ( $\pm 1\%$ ).

На представленном рисунке 5 отображены результаты моделирования кинетической зависимости по методу Коатса-Редферна, основанные на модели D3, соответствующей механизму трёхмерной диффузии.

Данный график (рисунок 5) служит наглядной демонстрацией корректности выбора кинетической модели:

- Хорошее совпадение аппроксимированной кривой с экспериментальными точками указывает на высокую адекватность модели и соответствие реальному термодеструктивному процессу.

- Модель D3 предполагает, что скорость реакции ограничивается диффузией вещества из трёхмерной матрицы, что характерно для полимерных и сшитых структур, таких как исследуемые гидрогели.

- Проведённые 100 итераций по методу Монте-Карло с «зашумлёнными» значениями  $\alpha$  подтверждают устойчивость и воспроизводимость модели, демонстрируя минимальный разброс между итерациями.

Таким образом, данный график (рисунок 2) позволяет не только визуализировать качество аппроксимации, но и служит основанием для выбора диффузионной модели D3 как предпочтительной в описании процесса термодеструкции исследуемого сополимера.

**Раздел 5. «Химические и фармацевтические технологии. Безопасность жизнедеятельности»**




Рисунок 2. Кривые Коатса–Редферна для модели диффузии D3, полученные методом Монте-Карло: (а) – экспериментальная кривая; (б) – результаты пяти независимых итераций моделирования

На рисунке 3 представлены Q–Q графики для параметров энергии активации ( $E_a$ ) и логарифма предэкспоненциального множителя ( $\ln A$ ), рассчитанных методом Монте-Карло (100 итераций) по уравнению Коатса–Редферна для модели A2 (кинетическая модель второго порядка реакции), A3 (модель третьего порядка реакции) и D3 (трёхмерная диффузия). Данные графики позволяют визуально оценить, насколько распределения вычисленных значений соответствуют нормальному распределению. Плотное расположение точек вдоль диагонали свидетельствует о высокой степени нормальности выборки, что важно для корректности статистической интерпретации результатов. Q–Q график (рисунок 6, а, с, е) для энергии активации ( $E_a$ ) (слева) показывает незначительные отклонения только на концах распределения, что может быть связано с граничными значениями  $\alpha$ . Q–Q график (рисунок 6, b, d, f) для  $\ln A$  (справа) демонстрирует практически идеальное соответствие теоретическим квантилям, что подтверждает устойчивость и воспроизводимость модели.

Таким образом, данные графики подтверждают корректность применения метода Монте-Карло и адекватность статистических допущений при моделировании кинетических параметров.

**Раздел 5. «Химические и фармацевтические технологии. Безопасность жизнедеятельности»**




Рисунок 3. Нормальные Q–Q графики для энергии активации ( $E_a$ ) и предэкспоненциального множителя ( $\ln A$ ), полученные на основе 100 итераций метода Монте-Карло с использованием уравнения Коатса–Редферна для следующих моделей: A2 (a, b); A3 (c, d); D3 (e, f)

Для оценки стабильности и достоверности расчетных кинетических параметров, таких как энергия активации ( $E_a$ ) и логарифм предэкспоненциального множителя ( $\ln A$ ), были построены гистограммы их распределения на основе 100 итераций метода Монте-Карло (Рисунок 4).

Как видно из левой панели, значения энергии активации демонстрируют распределение, близкое к нормальному, с выраженным максимумом и незначительной асимметрией, что указывает на высокую

**Раздел 5. «Химические и фармацевтические технологии. Безопасность жизнедеятельности»**

устойчивость расчетов и низкий уровень статистической неопределенности. Правая панель отражает аналогичный характер распределения для параметра  $\ln A$ , также характеризующегося небольшой дисперсией и симметрией.

Таким образом, полученные распределения подтверждают воспроизводимость результатов и корректность применённого подхода, что позволяет использовать средние значения  $E_a$  и  $\ln A$  в качестве надёжных кинетических характеристик исследуемой термодеструкции сополимера.




Рисунок 4. Гистограммы распределений энергии активации ( $E_a$ ) и логарифма предэкспоненциального множителя ( $\ln A$ ), полученные методом Монте-Карло (100 итераций) для моделей: A2 (a, b); A3 (c, d); D3 (e, f).

Ось X: – для левых диаграмм:  $E_a$ ,  $\text{кДж}\cdot\text{моль}^{-1}$ , – для правых диаграмм:  $\ln A$ .

Ось Y: Частота (Count)

## Раздел 5. «Химические и фармацевтические технологии. Безопасность жизнедеятельности»

Как следует из данных таблицы 1, на основе 100 итераций Монте-Карло, проведённых по методу Коатса–Редферна, были получены статистически обоснованные значения энергии активации ( $E_a$ ) и логарифма предэкспоненциального множителя ( $\ln A$ ) для трёх моделей: A2, A3 и D3.

Модель A2 характеризуется наименьшим средним значением энергии активации (26.69 кДж·моль<sup>-1</sup>) и предэкспоненциального множителя ( $\ln A = 0.79$ ), а также минимальной дисперсией ( $SD = 0.30$  и  $0.14$  соответственно), что свидетельствует о высокой воспроизводимости результатов и устойчивости аппроксимации.

Модель A3, напротив, демонстрирует значительно более широкий диапазон значений, с  $SD$  для  $E_a$  равным 2.41 и для  $\ln A - 1.03$ , что отражает чувствительность модели к входным данным и повышенную вариативность. Тем не менее, средние значения ( $E_a = 30.56$  кДж·моль<sup>-1</sup>,  $\ln A = -0.98$ ) могут указывать на другие особенности механизма разложения.

Модель D3 показывает наиболее высокие значения энергии активации ( $E_a = 43.25$  кДж·моль<sup>-1</sup>) и  $\ln A$  (13.87), при этом стандартные отклонения остаются умеренными ( $SD = 0.91$  и  $0.42$  соответственно), что позволяет говорить о надёжности результатов при интерпретации трёхмерной диффузионной модели.

Анализ коэффициентов асимметрии и эксцесса подтверждает близость распределений параметров к нормальному закону во всех трёх моделях. Таким образом, полученные статистические оценки не только подтверждают стабильность численного метода, но и позволяют сопоставить эффективность и применимость различных кинетических моделей при анализе термодеструкции исследуемых сополимеров.

Таблица 1

Сводная статистика значений энергии активации ( $E_a$ ) и логарифма предэкспоненциального множителя ( $\ln A$ ), полученных по методу Коатса–Редферна на основе 100 итераций Монте-Карло для модели: A2; A3; D3

Параметр	Среднее значение	Стандартное отклонение	Минимум	Максимум	Медиана	Коэффициент асимметрии	Эксцесс
Модель A2							
$E_a$ , кДж·моль <sup>-1</sup>	26.6899	0.3031	26.0418	27.4542	26.6933	0.1038	-0.1591
$\ln A$ , мин <sup>-1</sup>	0.7942	0.1397	0.4789	1.1334	0.7888	0.1072	-0.1071
Модель A3							
$E_a$ , кДж·моль <sup>-1</sup>	30.5603	2.4133	24.4084	36.9186	30.6870	0.1544	-0.1088
$\ln A$ , мин <sup>-1</sup>	-0.9758	1.0316	-3.6315	1.7180	-0.9024	0.1664	-0.0718
Модель D3							
$E_a$ , кДж·моль <sup>-1</sup>	43.2458	0.9095	41.4498	45.5230	43.1843	0.2956	-0.1832
$\ln A$ , мин <sup>-1</sup>	13.8732	0.4192	13.0674	14.9400	13.8357	0.3361	-0.1180

На рисунке 5 представлены диаграммы размаха (Box Plot), демонстрирующие распределения значений энергии активации ( $E_a$ ) и логарифма предэкспоненциального множителя ( $\ln A$ ), полученных в результате 100 итераций моделирования по методу Монте-Карло с использованием уравнения Коатса–Редферна для моделей A2, A3 и D3.

Графики позволяют визуально оценить медианные значения, межквартильный размах, симметрию распределений и наличие выбросов. Модель A2 демонстрирует наиболее компактное распределение как по  $E_a$ , так и по  $\ln A$ , что подтверждает устойчивость полученных значений и высокую воспроизводимую. Модель D3 также характеризуется стабильными результатами, однако имеет более высокие средние значения параметров.

Наибольший разброс наблюдается в данных модели A3, что подтверждает выводы из сводной статистики (см. Таблица 1) и может указывать на чувствительность данной модели к небольшим

## Раздел 5. «Химические и фармацевтические технологии. Безопасность жизнедеятельности»

флуктуациям входных данных. Выбросы, зафиксированные для А3, особенно по  $\ln A$ , свидетельствуют о возможной неоднородности поведения этой модели на определённых участках температурной зависимости.

Таким образом, представленные диаграммы наглядно демонстрируют различия в надёжности и устойчивости кинетических параметров в зависимости от выбранной модели, что может быть учтено при выборе оптимального механизма для описания термодеструкции полимеров.




Рисунок 5. Сравнение распределений энергии активации ( $E_a$ ) для различных кинетических моделей: A2; A3; D3

### Заключение

Анализ различий между моделями A2, A3 и D3 показал, что для оценки различий между значениями энергии активации ( $E_a$ ), полученными при применении различных кинетических моделей (A2, A3 и D3), был проведён однофакторный дисперсионный анализ (ANOVA). Результаты анализа показали:

- F-статистика = 3336.60
- p-значение =  $3.04 \times 10^{-204}$

Полученное p-значение значительно ниже порогового уровня значимости ( $p < 0.05$ ), что свидетельствует о статистически значимых различиях между группами. Таким образом, выбор кинетической модели оказывает существенное влияние на вычисленные значения энергии активации, что подчёркивает необходимость корректного выбора модели при интерпретации термогравиметрических данных.

### Список литературы

1. Аткинс П., Де Паула Дж. Физическая химия. – 10-е изд. – М.: БИНОМ. Лаборатория знаний, 2020. – 1100 с.
2. Кузнецов В.А., Жолтовский Б.Д. Курс химической кинетики. – М.: Химия, 2018. – 456 с.
3. Wiley-Interscience. – 1998. – 706 с.
4. Ролингс Дж., Пантула С.Г., Дики Д.А. Прикладной регрессионный анализ: инструмент исследования. – Springer, 2001. – 440 с.
5. Seber G.A.F., Wild C.J. Нелинейная регрессия. – Wiley, 2003. – 800 с.
6. Джеймс Г., Виттен Д., Хасты Т., Тибширани Р. Введение в статистическое обучение. – Springer, 2013. – 426 с.
7. Монтомгери Д.С., Рангер Дж.С. Прикладная статистика и теория вероятностей для инженеров. – 7-е изд. – Wiley, 2018. – 816 с.

## Раздел 5. «Химические и фармацевтические технологии. Безопасность жизнедеятельности»

Г.М.Жуманазарова, С. Д.Макашева, А. Б. Советбекова, А. Ж. Кан., А.Ж.Сарсенбекова

### Термиялық ыдыраудың кинетикасы мен модельдеуі: ABS әдісі және полиномиалдық аппроксимация

Бұл жұмыста полимерлі материалдың термиялық ыдырау процесінің кинетикалық талдауы сандық модельдеу және Коатс–Редферн әдісін қолдану арқылы жүргізілді. Зерттеудің негізгі мақсаты – үшөлшемді диффузиялық модель (D3) негізінде термодеструкция механизмін сипаттау. Кинетикалық параметрлердің статистикалық орнықтылығын бағалау үшін Монте-Карло әдісімен 100 итерация орындалды, мұнда түрлену дәрежесіне ( $\alpha$ ) кездейсоқ өзгерістер енгізілді. Аппроксимация нәтижелері эксперименттік деректермен жақсы сәйкестікті көрсетті және модельдің сенімділігін растады. Алынған мәліметтер D3 моделінің зерттеліп отырған сополимердің термиялық тұрақтылығын сипаттау үшін жарамды екенін дәлелдейді.

*Түйіндемe сөздер:* термиялық ыдырау, кинетикалық талдау, Коатс–Редферн әдісі, D3 диффузиялық моделі, Монте-Карло әдісі, түрлену дәрежесі, сандық модельдеу, сополимер, гидрогель, термодеструкция.

G.M.Zhumanazarova, S.D.Makasheva, A.B.Sovetbekova, A.Zh.Kan, A.Zh. Sarsenbekova

